

# Акмеологиялық білім беру ортасы

Жоспары:

- ✓ Әлеуметтік педагогикалық факторлар
- ✓ Әлеуметтік-мәдени білім беру ортасы
- ✓ гуманитарлық білім беру ортасы


Тұлғаның акме-бағдарланған өзіндік дамуын, оны рухани байытуды қамтамасыз ететін, тұлғалық сапа ретінде акмеологиялық факторларын аса тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін **акмеологиялық орта** құрылады. Осы аталған орта **әлеуметтік-педагогикалық факторлармен анықталады.**

**Біріншіден,** бұл әлеуметтік-мәдени ортадағы өзгерістер. Аса маңызды өзгерістердің бірі – білім беруді дамудың **басым бағыты ретінде анықтау.**

**Екіншіден,** халықаралық жағдайды талдау, интеллектуалды ресурстардың сапасы, білім берудің сапасы үшін елдердің арасындағы **кеңейтілген бәсекелестікті білдіреді.**

**Білім беру ортасы, ең алдымен,  
әлеуметтік-мәдени ортаның  
жүйесі, яғни тарихи  
қалыптасқан факторлар,  
жағдайлардың жиынтығы,  
тұлғаны дамытудың арнайы  
ұйымдастырылған  
педагогикалық жағдайлардың  
тұтастығы**

# Акмеологиялық ортаның түрлері:



## Гуманистік білім беру ортасы



Зерттеушілер оны жаңа мәдени білім беруші және әлеуметтік-педагогикалық ойлаудың негіздерін қалыптастыруды қамтамасыз етуге қабілетті шарт ретінде қарастырады.

Гуманистік құндылықтары басым, мәдени білім беру кеңістігі болып табылады, оның тұтастық, автономиялық сияқты сипаттамалары болады.

Субъективтілікті өзекті қайта құруларын, білім берудің интерсубъективті үдерісін дамыту үшін жағдай жасайды.

**Акмеологиялық орта** – бұл тұлғалық-бағдарлы тұғырдың негізгі принциптеріне сәйкес келетін, білім берудің тұлғалық субъектілерін ескеріп, оларды дамыту және өзіндік дамыту мақсатында жетістіктеріне ықпал ететін білім беру ортасы.



**Акмеологиялық орта** – тұлғаның өзіндік дамуын және өмір жолының белгілі бір сатыларында рухани байытылуын, бірінші кезекте акмеологиялық мәдениетті қамтамасыз ететін орта.

**В.А.Семкин білім беру ортасының аса маңызды сипаттамаларын көрсетті:**



Педагогтармен өзара қатынас;  
Білімгерлермен өзара қатынас;



Эмоционалды жайлылық;  
Өзіне сыйласымды қатынас;

# Әлеуметтік-мәдени білім беру ортасының деңгейлері:

**Жаһандық деңгейге** мәдениет, экономика, саясат, білім беруді дамытудың жалпы әлемдік үдерістерін, жаһандық-ақпараттық желілерді жатқызуға болады.

**Жергілікті деңгейге** – білім беру мекемелері, жақын аймақ, отбасы жатады.